

«Жалтыр ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңес отырысының №4 хаттамасы

Күні: 27.03.2024 жыл

Қатысқандар:

- Төрайым - Серікбаева А.У., мектеп директоры.
- директордың ТІ жөніндегі орынбасары Найманбаева А.А.,
- директордың ОІ жөніндегі орынбасары Махметова М. ., Томкова Н.Э.
- оқытушы-ұйымдастырушы АӘ және ТД. Абильдин А.Ж.
- мектеп психологы А. К. Исмагулова
- бастауыш сынып ӘБ басшысы Каратовская Л.Н.
- жаратылыстану-математикалық цикл ӘБ басшысы Оспанова С.К.
- гуманитарлық цикл ӘБ басшысы Шаяхметова Г.Т.
- қорғаншылық және қамқоршылық кеңесінің мүшесі Халанская Е.Р.
- мектептің ата-аналар комитетінің төрағасы Уразова Ж.З.

Күн тәртібінде

1. Дөңгелек үстел «Ерте жаста босану, жыныстық тиіспеушілік»

2. «Тәуекел» тобындағы оқушылардың жеке қасиеттерін анықтау бойынша диагностикалық жұмыстар

Тыңдалды:

Күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің төрайымы мектеп директоры Серікбаева А.У. сөз алды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кеңес мүшелерін таныстырып, сөз кезегін мектебіміздің медбикесі Каукенова К.К. сөз берді.

Сөйлегендер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбие ісі менгерушілері сөз алды:

Сәлеметсіздер ме, құрметті Кеңес мүшелері. Бүгінгі таңда қоғамымызда өзекті мәселелердің бірі болып тұрған жасөспірімдер арасынлағы ерте баста босану, ерте жүктілік басым болып тұр. Балаларымыздың дені сау азамат болып қалыптасуына мектеп маңызды рөл атқаралы. Бала оқу мен қатар бос уақытын қоғамдық өмірге арнайды. Бұл уақыттарда достарымен немесе таныстарымен уақыт өткізуі мүмкін. Осы тұста баланың қорғансыз аңғалдығын пайдаланып ересектер әртүрлі жаман ниеттерін іске асыруға тырысады. Осы орайда оқушылармыздың сауатты, өзіне өзі жауап бере алатын тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында бірқатар іс-шаралар өткіземін. Мен сіздерге «Ерте жаста босану, жыныстық тиіспеушілік» тақырыбында мен медбике ретінде, ал сіздер жасөспірім ретінде отырып, бірнеше сұрақтар мен жағдаяттық тапсырмаларға жауап бересіздер.

- Ерте жүктілік деген не?
- Ертк жүктіліктің алдын алу жолдары бар ма?
- Жыныстық тиіспеушілікті қалай түсінесіздер?
- Зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары қандай?
- Осынлай келеңсіз оқиғаларға тап болсаңыз, сіздің әрекетіңіз қандай болады?
- Ерте жүктілігі болдырмаудың алдын алу үшін қандай нұсқаулық айтар едіңіз?

Екінші сұрақ бойынша меткеп психологі Исмагулова А.К. сөз сөйледі:

Сәлеметсіздер ме, қайырлы күні құрметті Кеңес мүшелері, төрайымы. Бүгін сіздерге мектептің ішкі есебінде тұрған оқушылармен жүргізілген диагностиканың есебімен таныстыратын боламын. МІЕ тұрған В-26, К-352, Н-80, Х-56 5"Б" сыныбында, П-53 9 "Б" сыныбында оқиды. Оқушылармен топтық жұмыстар жүргізілді. 15.09.23 5"Б" сынып оқушыларымен "Жақсылық туралы сөйлесейік" тақырыбында сынып жетекшісімен біріге әңгіме жүргізілді. Мақсаты: оқушыларды толеранттылыққа тәрбиелеу. Сонымен қатар балалар "Әлемде жоқ жануар" проективті әдісі бойынша сурет салды. Мақсаты: Оқушылардың жеке эмоциялық жағдайын, агрессия деңгейін зерттеу. Қорытынды: оқушылардың көпшілігінде агрессия деңгейі төмен. Өзін өзі бағалаудың төмендігі көбірек байқалады

Ұсыныс: өзін-өзі бағалауды арттыру үшін сыныпта топтық сабақ өткізу. Ата-аналар мен мұғалімдерге ұсыныстар , кеңес беру.16.10.2023 Тест " сізде қандай темперамент?» диагностикасы жүргізілді. Мақсаты: темперамент түрін анықтау, жағымды қасиеттерді көрсету және өзін тұлға ретінде қалыптастыру үшін не істеу керек. Диагностика нәтежесі бойынша К-352 30% меланхолик, Н-80 30%меланхолик,25% холерик, Х-56 20% Флегматик, 20% меланхолик. Оқушыларға олардың мықты тұстары мен әлсіз тұстары түсіндірілді. Мұғалімдерге оқушылардың темпераментін өзгертуге тырысудың қажеті жоқ, бірақ оларға белгілі бір темпераменттің кемшіліктерін жеңуге, оның жағымды жақтарын дамытуға көмектесу жолдары айтылды. 14 наурыз мектеп психологы 5"Б" сыныпт оқушыларымен "Біз біргеміз" тақырыбында тренинг өткізді. Мақсаты: сыныпта қолайлы топ ішіндегі климатты сақтау, өзіңіздің жеке «Меніңізді» жалпы «Біздің» бөлігі ретінде түсіну, агрессивті мінез-құлықты түзету. Оқушылар сонымен қатар Г.Н.Казанцева «Өзін-өзі бағалау» деңгейін анықтау әдістемесін өтті.Мақсаты: Баланың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау. 22.09.2023 9 "Б" сыныбында анкета алынды. Мақсаты: Жеке тұлғаның кәсіби түрін, кәсіби саласын, мамандық таңдауға дайындығын зерттеу. Кеңес беру арқылы жоғарғы сынып оқушыларының назарына кәсіптік мамандықты ұсыну.

Сабақ басында оқушылардың өзін-өзі бағалауын көтеру мақсатында «Күннің көзі» жаттығуы жасалып, контакт орнату мақсатында «Юнган тесті»

орындалды. Қорытынды: Кездесу соңында оқушыларға жаңа мамандықтар туралы кеңес берілді. Барлық оқушылар болашақ мамандықтары мен тестілеуге дайындалатын пәндерін таңдады.

23 қараша Диагностика түрі: Сауалнама Г. Айзенк

Мақсаты: жасөспірімдердің сунцидтік тенденцияларының қалыптасуына әсер ететін мазасыздық, фрустрация, агрессивтілік, жеке тұлғаның қаттылығы сияқты психикалық күйлердің диагностикасы.

Тестілеуді интерпритациясы: П-53 мазасыздық жоқ, сіз өзіңізді жоғары бағалайсыз, сәтсіздікке төзімді және қиындықтардан қорықпайды, сабырлы, ұстамды, қаттылық жоқ бейімділігі жоғары.

20.02.2024 күні «Бос уақытыңды дұрыс жоспарла» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға уақыттың құндылығын түсіндіре отырып, қалай тиімді пайдалануға болатындығы жөнінде мәліметтер беру. Экзаменге дайындық бойынша кеңестер беру. Және «Дифференциалды-диагностикалық сауалнама» әдістемесі (Е.А.Климов) өткізілді. Жасөспірімдердің және ересек адамдардың профбағдарлануы кезінде пайдалануға болады. П-53 Адам - белгілер жүйесі. Сызбашы, машинист және компьютер операторы, радио операторы, жоспарлаушы, экономист, корректор, бағдарламашы, телеграфшы, теруші және т. б. кәсіптерге бейімділік бар.

Сонымен қатар Х-56, Н-80 жеке психологиялық жұмыстар жүргізілді.

Шешімі:

1. Ерте жүктіліктің алдын алу іс-шаралары уақытылы жүргізілуі жалғастырылсын.
2. «Тәуекел» тобындағы оқушылардың жеке жұмыстарды жүргізуге басымдық берілсін.

Мектеп директоры
Хатшы



Серикбаева А.У.
Баймағамбетова Ж.А.